

**"Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 82 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 қыркүйектегі № 1072 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 мамырдағы № 489 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 489 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери-техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 82 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 42-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарында:

1-тармақтың 3) тармақшасының бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мыналарды қамтитын қауіпсіздік жүйелерімен жарактандыру және инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі техникалық талаптарға жауап беретін жеке меншік және/немесе жалға беру құқығындағы тиісті (стационарлық және/немесе ұтқыр) өндірістік-техникалық базасы:

ғимараттар, құрылыстар және/немесе дайындаушы-зауыттың тиісті паспорты бар контейнерлік үлгідегі ұтқыр модульдер, көтергіш тетіктер, жабдықтар, көлік құралдары;» .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК